

✓ **6 қазан**  
**6 октябрия**

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!  
ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

**РЕФЕРЕНДУМ**

www.election.gov.kz

**ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ**  
**ИММУНИТЕТ**  
**ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ**

**6-ВЕТ**

**БЕЙКҮНӘ**

**8-ВЕТ**



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№69 (3698)  
10 қыркүйек 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ – БІРЕГЕЙ ЖОБА



Астанада 8 қыркүйек күні V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Әлемнің 100-ге жуық елінен келген 3 мыңға жуық спортшы қатысып жатқан бұл дүбірлі доданың ашылу рәсіміне Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев,

Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этносспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕСКО, АӨСШҚ, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа Одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

(Соңы 2-бетте)

Бақытжан ОРЫНБЕКОВ,  
Тараз қаласының әкімі:

«ТҮЛЕГЕН,  
ТҮРЛЕНГЕН ТАРАЗДА  
ТҮЙТКІДЕР  
РЕТІМЕН ШЕШІМІН  
ТАУЫП КЕЛЕДІ»

– Бақытжан Әмірбекұлы, 2 мың жылдық тарихы бар көне шаһардың тізгінін ұстағаныңызға екі жыл уақыт өтті. Тараз қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында қандай өзгеріс бар?

– Жаңадан тағайындалғанда қаланың 2023–2025 жылдарға арналған даму картасы әзірленген еді. Қазір мұнда 433 мыңнан аса халық тұрады. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заңға сәйкес, қаладағы халық саны 400 мыңнан асқан кезде, аудандар құрылады. Биыл 29 қаңтарда Үкіметтің қаулысымен қаланың жаңа Бас жоспары бекітілді. Онда екі аудан құру қарастырылған. Бас жоспарға сәйкес, Тараз қаласы маңындағы Жамбыл, Байзақ аудандарынан аумағы 13 мың гектарды құрайтын, 45 701 халқы бар 14 елді мекен қалаға қосылып, халық саны 479 мыңнан асады деп жоспарлануда.

Қазір Тараз қаласының шекарасын өзгерту туралы Жамбыл облысы әкімдігі мен облыстық мәслихаттың бірлескен шешімінің жобасы әзірленуде. Ел Үкіметінен келісім алынғаннан кейін, Тараз қаласында 2 аудан құру туралы облыс әкімдігі мен мәслихаттың бірлескен шешімі қабылданады. Жаңа аудандар құру қаланы бақылауды, қызметтерді тиімді ұйымдастыруды және оңтайлы басқаруды қамтамасыз етері анық.

– Мемлекет басшысы халыққа жолдауында инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды екенін атап өтті. Бұл бағытта алда қандай жаңалықтар күтуге болады?

– Дұрыс айтасыз. Экономикалық өсімді тұрақты қамтамасыз ету үшін жаңа өндіріс орындарын ашып, экономиканың нақты секторына инвестиция тарту қажет. Осы бағытта биыл құны 6,9 млрд теңге болатын «Alina Group» ЖШС-нің құрғақ құрылыс қоспалар зауыты іске қосылды. Зауыттың қуаттылығы жылына 350 мың тоннаны құрайды. Жаңа өндіріс орнында 35 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұдан бөлек, жыл соңына дейін жалпы құны 34,7 млрд теңгені құрайтын 5 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Олар іске қосылғанда 944 жаңа жұмыс орны ашылады. Оның біріншісі, құны – 1 млрд 870 млн теңге болатын «Kisc» ЖШС-нің «Металл құю цехын жаңғырту» жобасы.

(Соңы 5-бетте)

• ТААҚЫ

## АЭС: ҚАУІП ПЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?

Қазақстанда атом электр станцияларын салу мәселесі қоғамда қызу талқыға түсіп отыр. АЭС-тің тиімді энергия көзі ретіндегі артықшылықтары туралы пікірлер де бар, бірақ оның экологиялық салдары жөнінде алаңдаушылықтар да аз емес. Осы тақырыпты кеңінен талқылау үшін біз белгілі эколог Алишер Кумарғалиевтің АЭС-тің қоршаған ортаға әсері туралы пікірін білдік.

АЭС-тің негізгі артықшылығы – парниктік газдардың аз мөлшерде шығарылуы. Көмір немесе газ станцияларымен салыстырғанда, атом электр станциялары іс жүзінде көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>) мен метан шығармайды. Бұл олардың климаттың өзгеруіне қарсы күресте маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар, АЭС отынның бірлігіне үлкен мөлшерде энергия өндіреді, бұл табиғи ресурстарға жүктемені азайтады.

– АЭС салу барысында қандай экологиялық тәуекелдер болуы мүмкін деген сауалға жауап бергенде, мұндағы ең үлкен тәуекелдердің бірі – радиоактивті қалдықтар. Радиоактивті қал-

дықтар мыңдаған жылдар бойы тірі организмдер үшін қауіпті болып қалады, олардың қауіпсіз сақталуы өте маңызды мәселе. Дұрыс басқарылмаған жағдайда, бұл қалдықтар топырақ пен судың ластануына алып келуі мүмкін, бұл экология үшін үлкен қауіп тудырады.

Тағы бір маңызды мәселе – реакторларды салқындату үшін қолданылатын су. АЭС салқындату үшін суды пайдаланады және оны табиғи су қоймаларына қайтарғанда, олардың температуралық режимі өзгеріп, жергілікті экожүйелердің тепе-теңдігі бұзылуы мүмкін. Бұл әсер «термикалық ластану» деп аталады және Қазақстан

сияқты су ресурстары шектеулі елдер үшін үлкен мәселе болып табылады.

Бүгінгі таңда радиоактивті қалдықтарды сақтау және басқару жүйелері жетілдірілгенімен, оларды толық қауіпсіз деп санау әлі ерте. Жаңа технологиялар мен интеллектуалдық басқару жүйелері бұл бағытта үлкен рөл атқаруы керек. Мысалы, жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау ықтимал ақауларды болжауға, экологияға әсерді азайтуға, табиғи ресурстарды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

– Апаттар қаупі туралы айтқанда тарихқа үңілу жеткілікті. Чернобыль мен Фукусимадағы оқиғалар радиациялық қалдықтардың ұзақ мерзімді салдары қандай болатынын көрсетті. Радиоактивті ластану денсаулыққа және табиғатқа айтарлықтай зиян келтіріп, үлкен аумақтарды ластайды. Бұл жерде апаттардың алдын алу үшін заманауи технологиялар мен интеллектуалдық жүйелердің маңызы зор. Атом электр станцияларының қауіпсіздігін арттыру үшін интеллектуал-

дық басқару жүйелері, үлкен деректерді талдау сияқты технологиялар қолданылады. Бұл әдістер ақауларды болжауға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға және табиғи ресурстарды барынша тиімді пайдалануға көмектеседі.

Экология үшін қандай баламалы энергия көздері қауіпсіз десек, бұл арада күн энергиясы мен жел генераторлары экология үшін ең қауіпсіз энергия көздері саналады. Күн энергиясы – электр қуатын өндірудің ең таза тәсілдерінің бірі, ал жел генераторлары табиғи ресурстарды минималды экологиялық әсермен пайдалану мүмкіндігін береді. Иә, күн панельдерін өндіру үшін белгілі бір ресурстар қажет, бірақ ұзақ мерзімді перспективада бұл көмірқышқыл газының шығарындяларын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл екі энергия көзі де экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Зан газеті»

